



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

## МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫҢ ПОТЕНЦИАЛЫН ЕРІКТІЛЕРДІҢ КӨМЕГІ АРҚЫЛЫ АРТТЫРУ

### Капин Батина

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, әлеуметтану кафедрасының аға оқытушысы

### Шайлазова Әсел Қайратқызы

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, әлеуметтік жұмыс мамандығының 3 курс студенті

### Дүйсенбай Жансая

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, әлеуметтік жұмыс мамандығының 3 курс студенті

### Мұстафа Назерке Алматықызы

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, әлеуметтік жұмыс мамандығының 3 курс студенті

Кез келген қоғамда, даму дәрежесі қаншалықты жоғары болғанына қарамастан, әлеуметтік қиындықтар болып тұрады. Осындай себептердің салдарынан, қазіргі кезде әлеуметтік көмекке мұқтаж болып отырған мүмкіндігі шектеулі балалар күннен күнге көбеюде. Әрине, мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп, әлеуметтік тұрмысқа баулуда, ата-ана мейірімімен қатар, мұғалім және психологтың тарапынан шексіз, мейірімділіктің қажеттілігі бірден айқын байқалады. Бұл жұмыста үлкен жауапкершілік, төзімділік, тәжірибе қажет. Қазіргі озық технология заманында мүмкіндігі шектеулі балаларды заман талабына сай, түрлі әлеуметтік жағдайлардан адаспай, дұрыс жол таба алатын, еңбекқор азамат етіп қалай әзірлеп шығаруға болады деген сұрақ осы салада қызмет атқарып келе жатқан мамандарды шығармашылық жұмыстар мен инновациялық технология әдіс тәсілдерін іздеуге итермелейді.

1914жылы У. Штерн интеллектуалдық коэффициент ұғымын енгізді (IQ). Э.Долл (E.Doll 1941) даму мүмкіндігінің шектелудің 6 себебін қарастырды:

- әлеуметтік тұрақсыздық
- ақылының дамымауы
- жалпы дамудың тоқтауы
- тұрақтылық жағдайының бұзылуы
- психикалық дамудың тоқтауы

Л.С. Выготский (1896-1934) баланың психикалық дамуының негізгі заңдылықтарын анықтап көрсеткен: баланың біркелкі дамымауы, бала кезеңіндегі өзгерістер туралы заңдар т.б. Сонымен қатар Выготский даму мүмкіндігі шектеулі баланың әлеуметтік реабилитация негіздерін қарастырып ғылыми тұрғыда дәлелдеген. Даму мүмкіндігі шектеулі деген көз қарастын өзі Выготский бойынша динамикалық түрде болу қажет. Выготский бірінші және екінші ақылы кем деген ұғымдарды енгізіп интеллект пен аффектінің бірлігін айқындады. "Баланың жақын арадағы және актуалды даму аймағы" деген ұғымды белгілеп оған түсінік берді.

Қазақстанда XVIII ғасырға дейін - тәуіптер, бақсылар, діндарлар, дуаналар болды. XIX ғасырда - түрлі мүгедек балаларға, психикалық ауруларға арналған алғашқы ауруханалар тұңғыш рет ашылды: 1861 ж. - Оралда, Жымпитыда, 1893 ж. - Омбыда, 1896 ж. - Семей мен Верныйда, 1907 ж. - Петровскийде, Ақмолада. Кез келген әлемдік және жергілікті мәселелер елдің жағдайына өте ауыр әсерін тигізеді. Соғыстар, төңкерістер мен басқа қоғамдық қақтығыстар миллиондаған адамдарды бейшара халге түсіріп, аштық, эпидемияға ұшыратады, әскери, сондай-ақ қарапайым адамдардың өліміне себепші болады. Соның салдарынан мүмкіндігі шектеулі балалар саны арта түседі. Қазақстанда, Голощекиннің қайта құруларында, азамат соғысы, ұлы «жұтта», екінші дүниежүзілік соғыста панасыздық жалпы халықтық құбылысқа айналды. Мемлекет қараусыз қалған балаларды, ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар мен мүмкіндігі шектеулі балаларды қарауға мәжбүр болды, әртүрлі жастағы жүз мыңдаған балаларға арналған арнайы балалар мекемесінің жүйесін ұйымдастыруды өз міндетіне алды. Қазақстанның саяси, әлеуметтік-экономикалық және

мәдени өміріндегі елеулі тың өзгерістер балалардың жағдайынан айқын көрініс тапты. Балалардың кері бейімделуі, мүмкіндігі шектеулі балалардың саны көбейе түсті[1].

1952 жылы А.Тардгольд ақыл-есінің даму мүмкіндігінің шектелуін себебін: интеллектуалдық, биологиялық және әлеуметтік бұзылыстар. 1975 ж С.Гаррар және Дж.Ричмонд даму мүмкіндігінің шектелуін екі негізгі себебін анықтады: төмен интеллектуалдық дәреже және мінез-құлқының бұзылуы ретінде қарастырды[2].

1970 жылы С. Я. Рубинштейн даму мүмкіндігінің шектелуін баланың негізгі ми қызметінің бұзылуынан болады, ми қызметі бұзылмаған баланы даму мүмкіндігі шектеулі деп атауға келмейді деген.

1975 жылы С.Гаррар және Дж.Ричмонд даму мүмкіндігінің шектелуін 2 маңызды себебін көрсетті:

- төмен интеллектуалдық қызмет
- іс-әрекеттің бұзылуы

А.Я.Олиференко, И.Ф.Деменьтева, Т.И. Шульга сияқты авторлар бақылағандай, мемлекеттік қолдау және көмекке мұқтаж категориясына белгілі бір балаларды жатқызуға мүмкіндік беретін бірегей категорияларды құру және мүмкіндігі шектеулі балалардағы алдын алудың бірегей жүйесін құруына сақталып келе жатқан ведомство аралық жүйе теріс әсер етеді. Сонымен қатар бұл келесідей себептермен түсіндіріледі:

- мұндай көмекке мұқтаж балалардың тез арада өсуі;
- көп жағдайда ведомствалар мен министрліктерге тиісті олардың мамандануына бірқатар жақын, кең нормативтік негіз;
- балалар құқықтарын және жеке күтімін қорғау бойынша мамандардың жеткіліксіз кәсіби даярлығы;
- балалар мен жасөспірімдерге көмек беру және қолдау көрсету жүйесінің муниципалды білімдердің жоқ болуы;
- мемлекеттік көмекке мұқтаж балалар мен жасөспірімдер мәселелерін шешудің кешендік амалдың жоқ болуы;
- балалар және жасөспірімдер құқықтарын қорғау және заңдық мүдделері бойынша барлық мүдделі ведомстволар күштерін үйлестіру қажеттілігі.

Қалыптасқан жағдай мүмкіндігі шектеулі балаларды қолдау мекеме органдары іс-әрекетін реформалауды, берілген мекемелер жұмысына түзетулер енгізуді қажет етеді [3].

Мүмкіндігі шектеулі балалардың потенциалдық мүмкіндігін анықтау мақсатында А. Я. Иванованың "Оқыта зерттеу" әдістемесі: Зерттеуге 12-18 жас аралығындағы барлығы 10 мүмкіндігі шектеулі бала қатысты (3 бала Дауна мен, 7 бала Аутизммен ауыратын балалар қатысты). Зерттеу әдістемесіне қатысқан мүмкіндігі шектеулі балалар үйде оқытылатын балалар. Ата-аналарынан ұрықсат ала отырып. Әлеуметтік жұмыс және психология мамандығының студенттерімен бірлесе отырып жүргізілді. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей мүмкіндігі шектеулі отбасылардың бала тәрбиесінде алатын орыны ерекше. Әрбір отбасы өз қалауынша баланың дамуына көмектеседі. Бірақ, барлығы бірдей оң нәтиже беріп жатыр деуге келмейді. Кез-келген ата-ана үмітсіз болса да күндердің күні баласының сауығып кететініне сеніммен өмір сүруде. Мүмкіндігі шектеулі балал тәрбиелеп отырған отбасының тәрбие бағытын анықтай келе, баласының қазіргі қоғамдағы өмірге лайықты болу үшін әрбір ата-ана жанталасуда. Іштен жарып шыққан балапанының мәселесін әрбір ана сезініп, оған қолдау қуаттау жасауға тырысады. Мүмкіндігі шектеулі бала тәрбиелеп отырған отбасылардың барлығы бірдей бала тәрбиесіне ден қойып жатпағандығы анықталды. Олар мүмкіндігі шектеулі баланы тәрбиелеуде бірінші орынға арнайы мемлекеттік мекемелер жауап береді деп есептейді. Бірақ бірінші сауалнама қорытындысы көрсеткендей барлығының бірдей арнайы мекемелерге баруға мүмкіндіктері жоқ, екіншіден көптеген ата-аналар балаларын жабық түрде ұстайды. Зерттеу барысында айлап дала көрмеген балалармен де кездестік, себебі баланы жұрттан жасырып, одан ұялатындықтары анықталды. Сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі баланы далада алып жүруге сырт жағдайдың дұрыс болмауы да себепші. Мүмкіндігі шектеулі баланы тәрбиелеу - туғаннан бастап ересектер қатарына қосылғанға

дейін үнемі педагогтың, психологтың және отбасы мүшелерінің қадағалауында болады, сондай-ақ төзімділікті талап етеді. Мүмкіндігі шектеулі балаға күлуден бастап үйрету керек және олармен үнемі қарым-қатынас жасап отыру керек. Оладың даму ерекшеліктері үнемі бақылауда болады.

Мүмкіндігі шектеулі баланың потенциалын дамытатын негізінен оның анасы, одан барып арнайы мекемелердің міндеті болып табылады. Анасы баланың бойындағы ерекшеліктерін байқайтын бірден-бір адам. Бірақ, бұл жағдайды көптеген мүмкіндігі шектеулі бала тәрбиелеп отырған аналардан байқай алмадық. Көптеген ата-аналар баланың болашағына бұлыңғыр қарайды. Олар болашақта баладан суретші, мүсінші немесе т.б. тұлға шығады деген түсініктері аз. Зерттеу жұмысының III өлшемінде аналардың баласын қабылдағысы келмейтіндігін аңғардық, сол себептен көптеген балада ана махаббатының жетіспейтіндігі байқалды. Бұндай жағдайда мүмкіндігі шектеулі балаларда аналық депривация мәселесі көптеп кезігеді. Депривация ата-анасы (негізінен анасы) қажетті күтімді қамтамасыз ете алмағанда және баланың басты қажеттілігін мойындамағанда немесе оның күтімін басқалардың мойнына артып тастап кеткенде пайда болады. Әдетте депривацияның 3 түрін айырады: сенсорлық, қимылдық, эмоционалдық. Баланы анасынан толық ажыратқан жағдайда ерекше аналық депривация байқалады. Аналық депривация баланың психикалық дамуына ең күшті бүліндіргіш әсер етеді. Көптеген зерттеулер балалардың жаппай аналық депривация жағдайында өмір сүруі (бала анасымен толық ажыратылғанда), олардың психопатия, депрессия, фобия ауруларына ұшырауына әкеліп соғатынын анықтады. Ата-анасының қамқорынан айырылған балалар өмір бойы әлеуметтік және жас мөлшері жағынан едәуір кейіндеп қалады. Мүмкіндігі шектеулі баланы отбасында тәрбиелеуде психолог, арнайы педагог және ата-анасы дұрыс бағытты таңдай білуі керек. Егер тәрбие дұрыс болмаса бала өзінің бойындағы ерекшеліктерді көрсетуге қауқарсыз болады. Ф.Ф.Рау және Н.Ф.Слезина(1967ж) мүмкіндігі шектеулі бала тәрбиелеп отырған отбасының дұрыс тәрбие бере алмауының 2 түрін көрсетті.

- ата-ананың мейірімінің жетіспеуі: бала дамуына керіс әсерін тигізеді
- шектен тыс ата-ананың қамқорлығы: бала үшін ата-ана барлығын жасай берсе бұл баланың өзін әлсіз сезінуіне және дамуына кері әсер етеді.

Мүмкіндігі шектеулі бала тәрбиелеп отырған ата-ана әрқашан дұрыс бағытты таңдай білу керек, баланың бойындағы ерекше қабілеттерін ашып оны ары қарай дамытса бала үшін ең үлкен жетістік болар еді.

Б.Сок(1990ж) егер отбасы балаға аяушылықты шектен тыс білдірмей онымен шынайы қарым-қатынас жасайтын болса, онда отбасы ол жайлы емес онымен сойлесетін болады деген. Сондықтан да бала тәрбиесінде отбасының дұрыс бағытты таңдауы өте маңызды. Мүмкіндігі шектеулі бала тәрбиелеп отырған ата-анаға әлеуметтік-психологиялық кеңес беретін мекемелер аз. Болған күннің өзінде қазақшылыққа салып кеңес алуға ата-аналардың көбісі бара бермейді. Сол себептен мүмкіндігі шектеулі бала тәрбиелер отырған ата-анаға олардың тәрбиесінің өте маңыздығы туралы ақпаратты жиі тарату керек және де олармен жұмыс жасайтын мекемелердің маңыздылығын арттыру керек.

Зерттеу жұмыстарын жүргізу барысын қорытындылай келе, келесі ұсыныстарды ұсынамыз:

- шығармашылық мүмкіндігін дамыту
- өзіндік мүмкіндіктерін таңдауға ұмтылу
- өзінің қабілетіне сенуге дағдыландыру

Мүмкіндігі шектеулі балалармен аянбай еңбек ету керек, олардың потенциалын дамытуға бағытталған арнайы бағдарламамен жұмыс жасау қажет.

Елбасының дәстүрлі әрбір жылғы Жолдауында маңызды мәселелердің бірі ретінде – қоғамның ең бір әлсіз қорғалған мүшелерінің, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі балалардың өмірін лайықты қамтамасыз ету, оларға сапалы білім беруді қалыптастыру екені айқын көрсетіледі.

Мүмкіндігі шектеулі балаларда әлеуметтік потенциалды дамытудың тиімділігі:

- әлеуметтік мәселелерді шешуде өзінің потенциясын қолдана білуі;
- кез-келген әлеуметтік жағдайда өзіндік дара қасиетін сақтай білуі;
- әлеуметтік мәселелерді шешуге белсенді болу, қиын жағдайларда өзін дамыта және өзіндік өзектерндіру мүмкіндігін дамыту.

Ғылыми жобаны зерттеу нәтижесінде біздің тараптан ұсынылатын ұсыныс.

Біздің ұсынысымыз өз кезегінде бірнеше бағыттарда жұмыс жүргізетін болады. Балалардың даму деңгейін көтеру арқылы оларға сенімділік беру және қолдау. Отбасы мүшелерін белсене атсалыстыра отырып, балаларының қажеттіліктерін еріктілер тарапынан өтеу. Біздің мақсатымыз еріктілер көмегі арқылы мүмкіндігі шектеулі балалардың қоғамға белсене араласуына көмектесу және әлеуметтік потенциалын арттыру.

Біз мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік потенциалын арттыратын ұйым құрғымыз келеді. Бұл ұйымның негізгі атқаратын міндеттері ең алдымен мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік потенциалын арттыру, бос уақытын ұйымдастыру, оларға кішігірім мерекелер жасау, және олардың өз қабілеттерін анықтап оларды дамытуға көмектесу. Бұл жобада бізге қажет болатын нәрсе осы мерекені немесе жиынды өткізетін орын мен мүмкіндігі шектеулі балаларға көмектескісі келетін еріктілер тобын жинау. Біздің бұл ұйым арнайы белгіленген белгілі күндері, арнайы белгіленген орында әр түрлі іс әрекеттер мен қабілеттер бойынша дайындық курстарын өткізеді. Бұл курстарға ата аналары мүмкіндігі шектеулі балаларын алып келсе болғаны. Ұйым әр түрлі қызығушылықтар бойынша жұмыс жасайды, яғни келген әрбір ерікті өз қызығушылығы мен өз қабілетін мүмкіндігі шектеулі балаға үйретеді. Және бұл балалар да өз қызығушылықтары бойынша сол мамандық түрін анықтайды.

Яғни бұл жерде аспаздық, ән салу, би билеу, сурет салу, тоқыма тоқу, тігін тігу секілді белгілі бір мамандықтарға үйретіледі. Осы секілді мамандықтарды әр бала өз қызығушылығына байланысты таңдайды. Біз бұл арқылы мүмкіндігі шектеулі балалардың бір күндік болсын уақытын ұйымдастырамыз, көңіл күйін көтереміз, қызығушылықтарын арттырамыз, өмір сүруге деген құлшынысын арттыра аламыз.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Василькова Ю.В., Василькова Т.А. Социальная педагогика: Курс лекций: Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений. - 2-е изд., стереотип. - М.: Издательский центр «Академия», 2001. - 440 б
2. Шипицына Л. М.; «Необучаемый» ребенок в семье и обществе. Социализация детей с нарушением интеллекта. — 2-е изд., перераб. и дополн. — СПб.: Речь, 2005. — 477 с.
3. Олиференко Л.Я., Шульга Т.И., Дементьева И.Ф. Критерии и показатели отнесения детей к категории нуждающихся в государственной помощи и поддержке.- М., 2002. - 84

УДК 364.4

### **СОЦИАЛЬНОЕ ПРОЕКТИРОВАНИЕ В СОЦИАЛЬНОЙ РАБОТЕ: ТЕОРИИ, ЗАДАЧИ И ОСНОВНЫЕ ЭТАПЫ**

**Карим Жулдыз Кайратқызы**

[zhuldyzkarim@mail.ru](mailto:zhuldyzkarim@mail.ru)

Магистрант 1 курса специальности «6М090500 – Социальная работа» факультета социальных наук ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан  
Научный руководитель – Г. Т. Урузбаева

Тема социального проектирования для современного Казахстана, позиционирующего себя как социальное государство в соответствии с Конституцией РК, становится актуальной как в общетеоретическом плане, так и признается необходимой в практическом смысле. В